



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 008 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2004 жылғы 7 сәуір

### 2004 жылғы наурыздағы қаржы рыногындағы жағдай туралы

Ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамы (ЕӨАБ) режимін енгізген сәттен бері 5 жыл өтті. Бұл сол кезде қалыптасқан сыртқы экономикалық жағдайларға, ең алдымен, 1998 жылғы ресей рублінің күрт құнсыздануына байланысты қабылданған шара еді.

ЕӨАБ режиміне көшу аяқ астынан болған жоқ. Алдымен сыртқы экономикалық ахуалдың одан әрі дамуының ықтимал сценарийі және әр түрлі валюталық режимдер кезінде теңгенің айырбас бағамының өзгеру нұсқалары талданды. Теңгенің тепе-тең бағамының, төлем балансының, алтынвалюта резервтерінің, бюджет тапшылығының, қаржы рыногының әрбір бөлігінің, әлеуметтік көрсеткіштердің күтіліп отырған деңгейі тұрғысынан әрбір нұсқаның басымдықтары мен кемшіліктері бағаланды. Нәтижесі Қазақстан экономикасының ашықтығы және халықаралық қаржы және тауар рыноктарының тұрақсыз жай-күйі жағдайында ЕӨАБ режимінің неғұрлым қолайлылығы туралы тұжырым болды.

Валюта рыногын қолдау үшін уақытша экспорт түсімінің 50%-ін міндетті сату енгізілді. Жаңа режимге банктердің бейімделу кезеңінде банк жүйесін қосымша өтімділікпен қамтамасыз ету мақсатында резервтік талаптар уақытша төмендетілді (10%-тен 5%-ке дейін), сондай-ақ басқа пруденциалдық нормативтер жеңілдетілді. Осымен бір мезгілде екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың теңгелік салымдарын және заңды тұлғалардың депозиттерін, сондай-ақ зейнетақы қорларындағы теңгелік активтерді қорғау жөнінде шаралар қабылданды. Басқа да әлеуметтік қорғау шаралары қабылданды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде жаңа валюта саясатына көшу салыстырмалы түрде қалыпты өтті, банк жүйесі тұрақты жұмыс істеді, бірнеше күн ішінде теңгенің бағамы айырбастау пункттерінде тұрақтандырылды. Банкаралық рынокта банктердің операциялары тоқтаған жоқ.

Осылайша, теңгенің өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшу Қазақстан экспортының бәсекелестік позицияларын қалыптастыруға және өндірістің өсуін қалпына келтіруге ықпал етті, нақты көрсеткіште теңгенің айырбас бағамын қайта бағалауды жоюға мүмкіндік берді. Қорытындысында, елдің төлем балансы біршама жақсарды, елдің алтынвалюта резервтері өсті, банк жүйесі едәуір нығайды.

Сыртқы рыноктарда Қазақстан тауарларының баға бәсеке қабілетін қолдау мақсатында Ұлттық Банк бұдан әрі ақшаға сұраныс пен ұсынысқа байланысты бағам ауытқуын белгілейтін теңгенің **өзгермелі айырбас бағамы режимін** сақтауды ниет етіп отыр. Сонымен бірге шетел валютасының едәуір әкелінуі жағдайында Ұлттық Банк валюта бағамының қысқа мерзімді және алып-сатарлық ауытқуларын реттеу мақсатында шетел валютасын сатып алушы ретінде ішкі валюта рыногына қатысуға мәжбүр болып отырғанын айтқан жөн.

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша 204 жылғы наурызда тұтыну бағаларының өсу қарқынының төмендеу үрдісі сақталды және инфляция 0,4%-ті құрады ( 2003 жылғы наурызда – 0,3%). Ағымдағы жылдың өткен айлары сияқты инфляцияның өсуіне әсер еткен негізгі фактор азық-түлік тауарларының 0,6%-ке қымбаттауы болды, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,1%-ке ғана көтерілді, ал халыққа ақылы қызмет көрсету 0,2%-ке өсті.

2004 жылғы наурызда азық-түлік тауарларының құрылымында, әсіресе, ұн – 2,8%-ке, нан – 2,2%-ке, жемістер мен көкөністер – 1,8%-ке, ет және ет тағамдары – 1,1%-ке біршама өсті. Жұмыртқаға баға – 3,1%-ке, сүт және сүт тағамдары – 1,3%-ке, кант – 0,8%-ке, күріш – 0,4%-ке, май және мал майы – 0,3%-ке арзандағаны байқалды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар киімге бағаның – 0,6%-ке, тұрмыстық тоқыма бұйымдарына және ыдысқа – 0,5%-ке өсуі байланысты қымбаттады. Сол уақытта бензинге баға – 2,7%-ке төмендеді (жыл басынан бері – 9,5%-ке).

Ақылы қызмет көрсету ішінде білім беру – 1,0%-ке, мәдениет мекемелерінің қызметі – 0,5%-ке, медициналық қызмет көрсету – 0,3%-ке көтерілді. Көлік қызметі 0,2%-ке арзандады. Тұрғын үй-коммуналдық қызметі құрылымында тарифтердің өсуі 0,2%-ті құрады, әсіресе, газбен жабдықтау – 0,9%-ке, сондай-ақ тұрғын үйді ұстау бойынша қызмет көрсету – 0,6%-ке қымбаттады.

Ағымдағы жылдың басынан бері инфляцияның деңгейі 1,5%-ті құрады (2003 жылдың 1-тоқсанында – 1,7%), сонымен бірге азық-түлік тауарларына баға 2,6%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 0,3%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 0,7%-ке көтерілді.

2004 жылғы наурызда инфляция жылдық көрсетуде 6,5%-ті құрады, бұл 2004 жылғы ақпанның көрсеткішінен 6,4%-ке жоғары.

**2. Төлем балансы.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы төлем балансы қалыптасты. 2003 жылдың қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы 2002 жылдағы 868 млн. АҚШ долларымен салыстырғанда 69 млн. АҚШ долларын құрады. Ағымдағы шот тапшылығының күрт төмендеуі өткен жылы құны 13,2 млрд. АҚШ доллары болып бағаланған тауар экспорты кірістерінің 32%-ке өсуіне байланысты болды. Тауар экспортының рекордтық жоғары көрсеткішке жетуін қамтамасыз еткен негізгі фактор энергия көздеріне бағаның жоғары деңгейі болды – 2003 жылы мұнай мен газ конденсатының экспортынан түскен кіріс 2002 жылғы көрсеткіштен 1,4 есе асып түсіп, 7 млрд. АҚШ долларын құрады.

2003 жылы тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң сальдо іс жүзінде 2002 жылғы деңгейде қала отырып, 2,2 млрд. долларды құрады. Сонымен бірге Қазақстанға тікелей шетел инвестицияларының (ШТИ) жалпы келуі өткен жылы 4,6 млрд. доллардағы рекордтық жоғары көрсеткішке жетті, бұл шетелдік негізгі компаниялар берген несиелер мен заемдар (фирмааралық берешек) түріндегі капиталдың тұрақты жоғары ағынының сақталуымен және қайта инвестициялау көлемінің едәуір өсуімен қамтамасыз етілді. ШТИ ағынының шамамен 70%-і мұнай және табиғи газ өндіру мен геологиялық және барлау қызметіне тиесілі.

Қазақстан экономикасының тұрақтандыру үрдісін одан әрі нығайту, экспорттық кірістердің күрт өсуі және шикізат тауарлары экспортының өсу перспективалары капиталдың халықаралық рыноктарында Қазақстанның позициясын елеулі түрде нығайтты.

2003 жылы Қазақстан резиденттері үшін сыртқы қарыз алу құнының төмендеуі нәтижесінде сыртқы корпоративтік қарыз алу күрт өсті. Өткен жылдары сыртқы қаржыландырудың келуінде тікелей шетел инвестициялары басым болса, 2003 жылы мемлекеттік емес сектор тартқан несиелер мен заемдардың нетто-келуі 2,8 млрд. АҚШ

долларынан асып түсті. 2003 жылға тән сипат ағымдағы операциялардың шоттарын қаржыландыру қажеттілігінің болмауы барысында корпоративтік қарыз алу үрдісінің дамуы және тікелей шетел инвестицияларының тұрақты жоғары ағынының сақталуы болып табылады.

Банк секторы мемлекеттік емес сектордың сыртқы қарыз алу көлемінің өсуіне негізгі үлес қосты. Тұтастай алғанда, 2003 жылы екінші деңгейдегі банктер 3,7 млрд. АҚШ долларына жуық сомаға заемдар тартты, бұл 2002 жылға қарағанда екі есе жоғары және қорытындысында банк секторының сыртқы борышы бір жыл ішінде 2,1 млрд. АҚШ долл. астам өсті.

Экспорттық кірістердің өсуімен қатар сыртқы қаржы ресурстарының едәуір әкелінуі резиденттердің шетелдік активтерінің айтарлықтай өсуіне және республиканың сыртқы өтімділік көрсеткіштерінің едәуір жақсаруына себеп болды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің өсуі 1,7 млрд. АҚШ долл. болып, жыл аяғында қор активтерінің 3,66 млрд. АҚШ долларына дейін жинақталуын қамтамасыз етті. Ішкі рыноктан валюта сатып алу Ұлттық Банктің халықаралық резервтері өсуінің негізгі көзі болды, олар бір жыл ішінде 1,6 есе ұлғайып, 4,96 млрд. АҚШ долл. болды. Халықаралық резервтердің осы қоры қаржыландыруда тауарлар мен қызмет көрсету импортының 4,5 айдан астам уақытқа қажеттілігін қамтамасыз етеді.

**3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.** 2004 жылғы наурызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағаларда 2,6%-ке (немесе 144,3 млн. долл.) 5685,8 млн. АҚШ долларына дейін өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің шотына шетел валютасының түсуі таза валюталық қорлардың (ЕАВ) 87,1 млн. АҚШ долларына толықтырылуына ықпал етті. Алтындағы активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар мен оның әлемдік рыноктардағы бағаларының өсуі нәтижесінде 7,8%-ке 57,2 млн. АҚШ долларына өсті.

Елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, яғни Ұлттық қордың ақшасын қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 3744,5 млн. АҚШ долл.) наурызда 2,2% ұлғайып, 9432,9 млн. АҚШ долл. болды.

2004 жылғы наурызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ұлғаюы ақша базасының 5,8%-ке 325,6 млрд. теңгеге дейін ұлғаюына себеп болды.

2004 жылғы ақпанда ақша базасы 3,1%-ке 307,8 млрд. теңгеге дейін көбейді. Ақша базасы көбеюінің негізгі факторы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі болды.

2004 жылғы ақпанда ақша массасы 4,8%-ке 1016,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ақша массасы ұлғаюының негізгі факторы банк жүйесінің ішкі активтерінің 9,1% өсуі болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) ақпанда 4,4%-ке 241,3 млрд. теңгеге, ал банк жүйесіндегі депозиттер ақша массасының құрылымында - 4,9%-ке 775,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ақпанда айналыстағы қолма-қол ақша өсуінің озық қарқынды болуына депозиттердің өсу қарқынымен салыстырғанда ақша массасы құрылымындағы депозиттер үлесінің 23,8%-тен 23,7%-ке дейін азаюы себеп болды.

Ақша базасымен салыстырғанда ақша массасының озық қарқыны ақша мультипликаторының 3,25-тен 3,30-ға дейін ұлғаюына себеп болды.

**4. Валюта рыногы.** 2004 жылғы наурызда теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша бірқалыпты номиналдық нығаю үрдісі байқалды. Бір айда теңге 0,16% нығайып, айдың аяғында оның биржалық бағамы бір доллар үшін 138,93 теңге болды.

Жыл басынан бері АҚШ долларына қарағанда теңгенің номиналдық нығаюы 3,1% (ақпанның аяғында - 2,9%, қаңтардың аяғында - 2,7%) болды. АҚШ долларына теңгенің орташа алынған айырбас бағамы 2004 жылғы 3 айда 1 АҚШ доллары үшін 139,65 теңге болды.

Наурызда қосымша сауда-саттық мәмілелерін есептегенде, биржалық операциялар көлемі ақпанмен салыстырғанда 8,9% ұлғайды және 534,60 млн. АҚШ долл. болды (жыл басынан бері биржалық операциялар көлемі 1,68 млрд. АҚШ долл. болды).

Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялар көлемі ақпандағы көрсеткішпен салыстырғанда 20,1% ұлғайып, 624,6 млн. АҚШ долл. (жыл басынан бері - 1,8 млрд. АҚШ долл.) болды.

**5. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы.** 2004 жылғы наурызда *Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар* эмиссиясының көлемі 2004 жылғы ақпандағымен салыстырғанда 34,8%-ке 6,3 млрд. теңгеге дейін азайды. Осы фактіге қарамастан, айналыстағы бағалы қағаздар көлемі өткен айдағымен салыстырғанда 1,6%-ке 176,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

2004 жылғы наурызда 4, 5, 6, 7 жылдық МЕОКАМ аукциондары өткізілді. Барлық құралдар бойынша кірістілік өзгерген жоқ және: 4 жылдық МЕОКАМ бойынша - 6,09%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша - 6,18%, 6 және 7 жылдық МЕОКАМ бойынша - 6,19% болды.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын өтеу, оған қоса сыйақыларды төлеу 2004 жылғы наурызда 3,4 млрд. теңге болды.

2004 жылғы наурызда *Ұлттық Банк ноттары* эмиссиясының көлемі олар бойынша кірістілік 5,04%-тен 5,06%-ке жоғарылай отырып, 2004 жылғы ақпанмен салыстырғанда 3,4%-ке 45,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ұлттық Банк ноттарын өтеу көлемі наурызда 29,8 млрд. теңге болды.

Айналыстағы ноттар көлемі наурыздың аяғында 266,4 млрд. теңге болып, өткен айдағымен салыстырғанда 6,7% ұлғайды.

2004 жылғы наурызда Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелерінің көлемі өткен аймен салыстырғанда 19,4% ұлғайып, 71 млрд. теңге болды. Наурызда кері репо операциялары өткізілген жоқ.

**6. Депозит рыногы.** Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі ақпанда 4,9% (жыл басынан бері - 6,0%) ұлғайып, 775,1 млрд. теңге (5,6 млрд. АҚШ долл.) болды.

Ақпандағы оңды оқиға шетел валютасындағы депозиттермен салыстырғанда ұлттық валютадағы депозиттердің қарқындап өсуі болды. Мәселен, ұлттық валютадағы депозиттер 5,1%-ке 419,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал шетел валютасындағы депозиттер 4,7%-ке ұлғайып, 355,3 млрд. теңге (2,6 млрд. АҚШ долл.) болды.

Занды тұлғалардың депозиттері 6,4%-ке 430,1 млрд. теңгеге дейін, сонымен қатар жеке тұлғалардың салымдары 3,1%-ке 345,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Халықтың салымдары (резидент еместерді есептегенде) бір айда 2,8%-ке 352,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Халықтың салымдарының құрылымында теңге депозиттері 5,2%-ке, шетел валютасындағы депозиттер көлемі - 1,1%-ке 202,2 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде теңге депозиттерінің үлес салмағы 41,6%-тен 42,6%-ке дейін ұлғайды.

Ақпанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 3,8% (2004 жылғы қаңтарда - 3,1%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша - 9,3% (10,0%) болды.

**7. Кредит рыногы.** Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі ақпанда 4,0%-ке (жыл басынан бері - 3,6%) ұлғайып, 1,0 трлн. теңге (7,3 млрд. АҚШ долл.) болды.

Ұлттық валютадағы кредиттер 2,0%-ке өсіп, 460,5 млрд. теңге болды, ал шетел валютасындағы кредиттер - 5,7% болып, 552,7 млрд. теңге (4,0 млрд. АҚШ долл.) құрады.

Ұзақ мерзімді кредиттер 4,8% өсіп, 640,7 млрд. теңгені, қысқа мерзімді кредиттер - 2,6% болып, 372,3 млрд. теңгені құрады. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы қаңтармен салыстырғанда 62,7%-тен 63,2%-ке дейін ұлғайды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері бір айда 6,8% ұлғайып, 205,3 млрд. теңге болды.

Ақпанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 14,8% (қаңтарда - 15,0%), жеке тұлғаларға кредиттер бойынша - 22,1% (19,4%) болды.